

## Қазақстандық патриотизм – елдің тұрақты дамуы мен гүлденуінің негізі

Әр адамның табан тірер туған жері бар. Сол туған жерге, елге деген сүйіспеншілік – адамды алға жетелеп, күш-қуат береді. Бұл сезімді біз патриотизм деп білеміз. Патриотизм – туған жерге, Отанға деген терең сүйіспеншілік пен адалдықтың көрінісі.

Қазақстандық патриотизм – еліміздің ұлттық бірлігінің ұйытқысы, «Мәңгілік Ел» идеясының негізі. Ол – әр азаматтың өз Отанын шынайы махаббатпен сүйуі, оның мәдениеті мен тіліне, ұлттық дәстүріне құрметпен қарауы. Бұл ұғым тек сезім ғана емес, елдің болашағы үшін жауапкершілік алуға дайын болуды білдіреді.

Дана халқымыз «Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, жауың алмайды» деп бекер айтпаған. Бұл сөздерде елдің тұрақты дамуы мен гүлденуінің негізі – халықтың бірлігі екені айқын көрініс табады. Егер халық тату-тәтті өмір сүрсе, кез келген қиындықты еңсеріп, биік белестерді бағындыра алады.

Тәуелсіз Қазақстан – әлемдік аренада өз орнын алған, тарихы терең, бейбіт мемлекет. Бүгінде елімізде көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, елдің дамуына өз үлестерін қосуда. Жаһандану дәуірінде Қазақстан заман талабына сай алға жылжып, бірліктің, бейбітшіліктің, тұрақтылықтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Бүгінгі күннің бейбіт тіршілігі – ата-бабаларымыздың жанқиярлық еңбегінің жемісі. Олар қасық қаны қалғанша күресіп, бізге осы жерді, осы еркіндікті алып берді. Қазақ халқы өз тарихын ешқашан ұмытпаған. Саналы ұрпақ тарихын біліп, құрметтеп, оны келер ұрпаққа жеткізуге міндетті. Біздің парызымыз – ата-бабаларымыздың есімін ұмытпай, ерліктерін ұлықтап, олардың аманатына адал болу.

Еліміздің әрбір азаматы мемлекет беріп отырған мүмкіндіктерді пайдаланып, заманауи білім алып, тәжірибесін ел игілігіне арнауы керек. Егемен еліміздің экономикасын нығайтып, ғылым мен мәдениетте жаңалықтар ашатын, абыройын асқақтататын білімді, озық ойлы ұрпақ көбейетініне сенемін.

Қазақ елінің тағдыры – менің тағдырым. Мен өз елімнің болашағы үшін жауапты екенімді терең сезінемін. Болашақта еліміздің көк байрағы әрдайым биікте желбіреп, халқымыздың бірлігі мен берекесі арта берсін! Елімнің ертеңі жарқын болсын!

Авторы:



**Мирамова Гүлсана**  
**Батырбекқызы**



24 Желтоқсан 2024



1



0 рет жүктелген

Әлеуметтану

Мақала

Барлығы